

«БЕКІТІЛДІ»

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ

«\_\_» \_\_2021 жылғы

С.Сүлейменов

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ 2021-2023 жылдарға арналаған сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары

| №  | Іс-шара атауы  | Аяқталу нысаны                                  | Орындалуына жауаптылар        | Орындау мерзімі                   |
|----|--|---|-------------------------------|-----------------------------------|
| 1. | Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жоспарын жүзеге асыру бойынша 2021-2023 жылдарға арналған жоспарлардың орындалуын қамтамасыз ететін жауапты тұлғаларды бекіту | бұйрықтар                                       | Бас маман                     | 2021 жыл, сәуір                   |
| 2. | Білім бөлімінің, білім беру ұйымдарының веб-сайттарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша арнайы айдар ашу, тұрақты контентпен толтыру ( <i>Нормативтік-құқықтық актілер, профилактикалық шаралар, бюджеттің жұмсалуды туралы есептер</i> )                                | Арнайы айдар ашу                                | Бас маман                     | 2021 жыл, наурыз                  |
| 3  | Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, онымен күресу мәселелері бойынша қарқынды жұмыстар жүргізу  | Тиісті материалдар                              | Бағынысты білім беру ұйымдары | тұрақты                           |
| 4. | Орта білім беру ұйымдары басшыларының оқушылардың ата-аналары ұжымының алдында, оның ішінде орта білім беру ұйымдарын ұстау үшін бюджеттен бөлінген қаржы қаражатының жұмсалуды жөнінде есеп беру кездесулерін өткізу.   | Жоғарғы тұрған органға орындалуы туралы ақпарат | Бас маман                     | Жыл сайые 15 мамырдан кешіктірмей |
| 5. | Білім бөлімінің  | кездесу   | Бөлім                         | тұрақты                           |

|     |  |                                       |  |                               |
|-----|--|---------------------------------------|--|-------------------------------|
|     | басшысының жалпы білім саласы, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша көкейінде жүрген сұрақтарына жауаптар алу мақсатында тұрғындармен кездесуі және БАҚ-да кеңінен ақпараттық-насихаттау жұмысын ұйымдастыру «БАҚ, әлеуметтік желілер арқылы, онлайн) |                                       | басшысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселесі бойынша жауапты орынбасарлары |                               |
| 6.  | Білім бөлімдері, білім беру ұйымдары басшыларының сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жұмыстардың ұйымдастырылуы бойынша БАҚ-да, әлеуметтік желілерде есебін ұйымдастыру   | Әлеуметтік желілерге есеп ұйымдастыру | Білім беру ұйымдары  | тұрақты                       |
| 7.  | Жалпы орта білім беретін мектептердегі «Адал ұрпақ» клубына тартылған білім алушылар санын арттыру, іс-шаралар жоспарын құру, олардың қатысуымен тұрақты шаралар ұйымдастыру   | Іс-шаралар жоспары                    | Білім беру ұйымдары  | тұрақты                       |
| 8.  | «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының өңірлік слеттерін өткізу.   | слеттер                               | Білім беру ұйымдары  | 2021-2023 жылдардың 2-тоқсаны |
| 9.  | Мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттарын түсіндіру жөніндегі жадынамалар әзірлеу, тарату, веб-сайт, әлеуметтік желілерге орналастыру   | Жадынамалар әзірлеу                   | Білім беру ұйымдары  | 2021-2023 жылдардың 2-тоқсаны |
| 10. | Жалпы білім беретін және мамандандырылған білім беру ұйымдарының 9-11 сынып оқушылары арасында «Жемқорлықсыз өмір» атты облыстық үздік бейне роликтер байқауы  | байқау                                | «Әдістемелік кабинет» КММ  | 2021 жыл сәуір айы            |
| 11. | Білім беру ұйымдарының педагогтері үшін облыстық «Жемқорлықсыз қоғамға жол бастаймыз!»   | байқау                                | «Әдістемелік кабинет» КММ  | 2021 жыл мамыр айы            |

|     |   |   |                               |                           |
|-----|---|---|-------------------------------|---------------------------|
|     | тақырыбында үздік эссе байқауы  |   |                               |                           |
| 12. | Мектепте тәрбие (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу) мәселелері бойынша ата-аналар комитеттерімен және мектеп тәлімгерлерімен кездесулер өткізу  | кездесу   | Білім беру ұйымдары           | Тоқсан сайын              |
| 13. | Білім беру ұйымдарында «OPEN SPACE» кеңістігінің қағидатын енгізу бойынша директорлар кабинеттері бірінші қабаттағы шағын кабинеттерге ауыстыру (мүмкіндіктеріне қарай)   | Тиісті іс-шаралар   | Бағынысты білім беру ұйымдары | тұрақты                   |
| 14. | Сыбайлас жемқорлықтың жасалу жағдайы болған кезде оның шығу себептеріне талдау жүргізу (бөлім жұмысы барысында және бағынысты білім беру ұйымдарында)   | Тиісті іс-шаралар   | Жұмыс тобы                    | Тиісті жағдай туындағанда |
| 15. | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және құқық бұзушылыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру мәселелері бойынша «Ақтөбе-адалдық алаңы» жобалық кеңсесімен өзара әрекеттестікті жандандыру. | Тиісті шаралар  | Бас маман                     | Жыл бойы                  |
| 16. | Білім беру ұйымдарында олимпиаданың өту барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту, ашықтықты қамтамасыз ету.   | Ата-аналар, қоғамдық ұйымдар, ардагер ұстаздар, «Ақтөбе-адалдық алаңы» жобалық кеңсесі өкілдерінен құралған арнайы комиссиясы арқылы бақылауды жүзеге асыру | Білім беру ұйымдары           | Жылына бір рет            |
| 17. | Директорлық корпусы тағайындау кезеңдеріне, басқа да конкурстық   | Қоғамдық бақылауды күшейту  | Бас маман                     | тұрақты                   |

|     |   |                     |                     |  |
|-----|---|---------------------|---------------------|--|
|     | рәсімдерге қоғамдық бақылауды күшейту   | бойынша шаралар     |                     |  |
| 18. | Білім беру ұйымдарында «Адалдық сағаттарын» өткізу  | Жоспарға сәйкес     | Білім беру ұйымдары | Жыл бойы (белгіленген жоспарға сәйкес) |
| 19. | Білім беру ұйымдарында (мүмкіндіктеріне қарай) өз-өзіне қызмет көрсету бұрыштары мен орталықтарының жұмысын жандандыру  | Орталықтар құру     | Білім беру ұйымдары | Жыл бойы                               |
| 20. | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметінен келіп түскен білім бөліміне бағынысты білім беру ұйымдарының басшыларының тарапынан жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы ұсыныстарын қарау                       | Тиісті іс-шара      | Білім беру ұйымдары | Ұсыныстың келіп түсуіне қарай          |
| 21  | Білім бөлімінде, бағынысты білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу  | Талдамалық анықтама | Бөлімнің жұмыс тобы | Жылына 1 рет                           |
| 22. | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті алудың ашықтығы мен жеңілдігі бойынша, халыққа электронды форматта көрсетілетін қызметтерді көбейту бойынша шаралар қолдану | Тиісті шаралар      | Білім беру ұйымдары | Жыл бойы                               |
| 23. | Білім бөлімінің және бағынысты ұйымдардың қызметіне қатысты жағымсыз жариялымдар туралы мәліметтерді анықтауға бағытталған БАҚ-дағы жарияланымдарға, мақалаларға мониторинг жүргізу.  | Тиісті шаралар      | Білім беру ұйымдары | Жыл бойы                               |
| 24. | Білім саласы бойынша сыбайлас жемқорлыққа «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық   | Тиісті шаралар      | Білім беру ұйымдары | Жыл бойы                               |

|     |  |                |                               |                               |
|-----|--|----------------|-------------------------------|-------------------------------|
|     | тәуекелдерін төмендету мақсатында ақпараттық, ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізу  |                |                               |                               |
| 25  | Білім саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар процестер бойынша жоғары тұрған құзыретті органдарға ұсынымдар беру   | Ұсынымдар беру | Білім беру ұйымдары           | Жыл бойы                      |
| 26. | Білім бөлімінде өткізілген ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау қорытындылары бойынша ұсынымдардың орындалуын қамтамасыз ету.                                 | Тиісті шаралар | Білім бөлімінің қызметкерлері | Ұсынымның болуына қарай       |
| 27. | Білім саласындағы 2021-2023 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоспардың іске асырылу барысы туралы есептерді БАҚ-та, сондай-ақ бөлімнің сайтында жариялау | Тиісті шаралар | Білім бөлімінің қызметкерлері | Жыл бойы                      |
| 28. | Жалпы орта білім беру ұйымдарында «Адалдық» дүкендерінің жұмысын тиісті деңгейде жалғастыру  | Тиісті шаралар | Білім беру ұйымдары           | тұрақты                       |
| 29. | Жалпы орта білім беру ұйымдарында парасаттылық бұрышын ашу, тәрбие сағаттарын ұйымдастыру  | Тиісті шаралар | Білім беру ұйымдары           | тұрақты                       |
| 30. | Жалпы орта білім беру ұйымдарында «Біз сыйлық алмаймыз!» атты акция ұйымдастыру (мұғалімдер күніне қарай)  | акция          | Білім беру ұйымдары           | 2021-2023 жылдардың 3-тоқсаны |

## Анықтама

2021 жылдың 18 қыркүйек күні мектебіміздің ұжымы "Ақтөбе Адалдық Алаңымен" ZOOM платформасы арқылы ААА жобалық кеңсе жетекшісі Серикжанов Қуанышбек мырзамен кездесу өткізілді. Кездесу барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары, білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары түсіндіріліп, білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері жөнінде ақымды ақпарат берілді.





«Бекітемін»  
Қ. Дулдақұлыбағиындағы  
№63 ЖББСМД-нің директоры:  
Ж.К. Қартағалибетова

**2020 – 2021 оқу жылы ұйымдастырылатын  
сыбайлас жемқорлықтың  
алдын – алу жөніндегі іс – шаралар жоспары**

**Мақсаты:** Сыбайлас жемқорлықтың кез – келген көрінісіне төзбеушілік ахуалын қалыптастыра отырып, бүкіл қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тарту.

**Құндылықтары:** Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мен алдын алудың ең алғашқы нүктесі жастарды бала кезінен тәрбиелеу және қылмыс екенін түсіндіру.

**Нәтиже:** Оқушылардың құқық бұзушылығын алдын алу, ата – аналардың құқықтық тәрбиесін арттыру.

| №  | Іс – шара   | Мерзімі                    | Жауапты                                     |
|----|---|----------------------------|---|
| 1  | 1.Ата – аналар мен оқушылар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға арналған баяндамалар мен сыныптан тыс жұмыс жоспары құру.<br>2. «Адал ұрпақ» еріктілер клубы жоспарын құру.<br>3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және алдын – алу туралы бұйрық шығару | Қыркүйек                   | ДТДЖО<br>Клуб жетекшісі<br>Мектеп директоры |
| 2  | Сыбайлас жемқорлыққа байланысты сауалнама алу 7 – 9 сыныптар  | Қазан                      | ДТДЖО<br>Сынып жетекшілер                   |
| 3  | «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» баяндама (ата – аналар жиналысында)  | Қараша                     | Карабекова Г.                               |
| 4  | «Сыбайлас жемқорлыққа оқушылар көзқарасы» шығарма   | Қараша                     | Сынып жетекшілер                            |
| 5  | 9 желтоқсан Халықаралық сыбайлас жемқорлықпен күрес күніне орай тәрбие сағаттар өткізу  | Желтоқсан                  | Сынып жетекшілер                            |
| 6  | «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес баршамызға ортақ іс» тақырыбында баяндама   | Қаңтар                     | Мектеп психологы                            |
| 7  | Мемлекеттегі сыбайлас жемқорлық мәселелеріне арналған тақырыптық ашық сынып сағаттарын өткізу   | Жыл бойы<br>Жоспар бойынша | Сынып жетекшілер                            |
| 8  | «Менің азаматтық ұстанымым» дөңгелек үстел  | Ақпан                      | Дінтану мұғалімдер                          |
| 9  | «Жанжалды жағдайлар және олардан шығу жолы» баяндама  | Наурыз                     | Аға тәлімгер                                |
| 10 | «Жемқорлық індет – жою міндет»  | Сәуір                      | 11 класс жетекшісі<br>Сауытбаева Ж.К        |
| 11 | Мектепке сыбайлас жемқорлыққа іс – қимыл бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуына талдау   | Мамыр                      | ДТДЖО                                       |

Ақтобе қаласы

***Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!»***

***Адалдық сағаты***

***Класс: 9 «Б»***

***Класс жетекшісі: А.Е.Джаппарова***

2019-2020 оқу жылы



**Тақырыбы:** «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» Адалдық сағаты

**Класс:** 9 «Б»

**Күні:** 10.12.2019ж

**Мақсаты:**

1. “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.
2. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту
3. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие қалыптасады

**Көрнекілігі:** слайдтар, видео

**Өткізудің формасы:** Тәрбие сағаты

**Өткізудің технологиясы мен әдістер:** Пікірталас, сұрақ-жауап, видеоролик

**Барысы:**

**1. Ұйымдастыру**

**2. Кіріспе сөз**

- Сыбайлас жемқорлық туралы түсінік беру.

**3. Тәрбие сағаты:**

- Видео
- Викторина
- Слайдпен жемқорлыққа байланысты мысалдар келтіру:
- Оқушыларға тапсырма

**1-жүргізуші:** Сәлеметсіздер ме құрметті оқушылар. Бүгінгі біздің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» атты ашық тәрбие сағатымызды бастауға рұқсат етіңіздер!!!

**2-жүргізуші:** Бүгінгі біздің ашық тәрбие сағатымыздың мақсаты оқушыларды адал жолмен жүруге, адалдыққа үйрету. Сыбайлас жемқорлық туралы қысқаша мағұлматтар беру. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

**1-жүргізуші:** Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты аландататыны анық.

**2-жүргізуші:** Сыбайлас жемқорлық - бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес. Сондықтан, бұл індетке бірлесе қарсы тұруымыз керек. Н.Ә.Назарбаев.

**1-жүргізуші:** «Сыбайлас жемқорлық» деген не?

“Сыбайлас-жемқорлық” деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны “параға сатып алу”, “пара” ретінде, “corruptio” деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ “corruptio” түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда “сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу” деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген.

Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

**2- жүргізуші.** Келесі кезекте бейнероликке берсек

Осы бейне роликті көрген кезде қандай сезімде болдыңдар?

Роликтегі адамдардың әрекеті дұрыс па?

//видео

**2-жүргізуші:** ҚР “Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы” Заңы сыбайлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: “...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және

артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу”.

### **1-жүргізуші:**

Сыбайлас жемқорлықтың зардаптары:

- қоғамның бақытты болашағын тежейді;
- елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді;
- жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

### **2-жүргізуші: СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢДАР:**

1. ҚР 37 мемлекет қабылдаған конвенцияға қосыла отырып, 1998 жылы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қабылдады. Қазақстанда сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік –құқықтық актілерде қабылданды. Оларға «Мемлекет қызмет туралы» (1995) және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (1998) ҚР заңдары жатады.

- ҚР Қылмыстық кодексінің өкілеттіктерді теріс пайдалану
- Коммерциялық сатып алу
- Қызмет өкілеттілігін теріс пайдалану
- Билікті немесе қызметтік өкілеттілікті асыра пайдалану
- Пара алу
- Қылмыстық жалғандық жасау

2001 жылы Мексикада БҰҰ - ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясына қол қоюға арналған. Дүниежүзілік конференция ашылды. БҰҰ. 2003 ж 9 желтоқсан күнін халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күн деп жариялады.

### **// ВИКТОРИНА**

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қашан қабылданды? *2.07.1998 жыл*
2. “Сыбайлас-жемқорлық” деген не? (“Сыбайлас - жемқорлық” деген “параға сатып алу”, “пара” ретінде, "conruptio" деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді.)
3. ҚҰҚЫҚ деген не ? (мемлекет орнатқан және оның күшімен қорғалатын, жалпыға бірдей қоғамдық қатынастарды реттейтін тәртіп ережелерінің (нормалардың) жиынтығы.)
4. Заң деген не? (мемлекеттің ең жоғарғы басқарушы органының шығарған, қабылдаған ең жоғары күші бар нормативтік кесім. Барлық заңдар және заңға тәуелді нормативтік кесімдердің Конституцияға сәйкес болуын Заңның үстемдігі дейді.)
5. Қылмыстық Кодекстің 366-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адамға бұрын жасаған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін сомасы немесе құны неше айлық есептік көрсеткіштен аспайтын болса қылмыстық жауапкершілікке жатпайды? (2 айлық есеп)
6. Пара беру дегеніміз не? (қандай да бір коммерциялық келісімге келу үшін немесе жеке пайдасы үшін жасалған ынталандыру немесе марапаттау.)
7. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін қандай жауапкершілік көзделген? (Сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін жазаның түрі мен мөлшері жасалған қылмыстық әрекеттің қауіптілік деңгейі мен келтірілген залалына байланысты болады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі)
8. Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күн қашан жарияланды? (2003 ж 9 желтоқсан)
9. “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы” заң қашан қабылданды? *(18.11.2015 жыл)*
10. БҰҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Конвенциясы қашан қабылданды? *(31.10.2003ж.)*

**2- жүргізуші.** Жемқорлыққа байланысты мысалдар келтіру:

1. Мұғалімге мерекелерде гүл шоқтарын сыйлау жемқорлыққа жатады ма?
2. Емделіп болған науқас дәрігерге өзінің алғысын белгілі - бір сыйлықты ( гүл, сағат, портрет.....) сыйласа жемқорлыққа жатады ма?

3. Жоғарғы оқу орындарында білім алушылар, емтихан уақытында оқытушыларына үстел жасаса, бағалы сыйлық әперсе, жемқорлыққа жатады ма?
4. Қала ішіндегі автобустардың кейбіреулері тендер ұтып алады да, қала ішінде жолаушыларды тасымалдау барысында көптеген қателіктер жасап жатады. Мысалға автобуска адамдарды санынан артық отырғызу, аялдамасы жоқ жерлерде тоқтап, адамдарды үсті - үстіне алу жемқорлыққа жата ма? (шофер, басқарушы директор, инженер арасындағы сыбайластық жемқорлықты көрсету) «Шелектің бетін жалағандар тұтылады, түбін жалаған тұтылады» деген мақалдың осыған қатысты екенін дәлелдеу.
5. Нашақорлық дамып бара жатыр, себебі шетелдерден әкеледі, кейбір кедендер өз жұмыстарын жауапты орындамай, заң бұзушылыққа барады. Бұл жемқорлыққа жата ма?

### **Тренинг**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі барлық алынған білімдері бойынша, әр топқа жеке тапсырма беріледі, тапсырманы сахналау керек.

1 жағдай: Колледж оқытушысы емтиханда сізді үшінші рет құлатты. Өзінің барлық келбетімен, пара беруіңізді сұрайды. Сіздің әрекетіңіз.

2 жағдай: Сізге, қызмет жетекшісіне, заңнамаға сәйкес емес арнайы қызмет үшін ақшалай көмек ұсынады. Сіздің әрекетіңіз.

3 жағдай: Ыстық жақта демалу үшін, сізге жедел түрінде шетелдік құжат қажет. Брак оны бір айдан кейін алаласыз. Сіздің әрекетіңіз.

### **//Литмонтаж**

#### **1-оқушы**

1989 жылы әлемнің дамыған 37 мемлекеті халықаралық бизнестегі жемқорлыққа қарсы күресу туралы конвенцияға қол қойды.

#### **2-оқушы**

Қазақстан осы конвенцияға қосыла отырып 1998 жылы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы заң қабылдады.

#### **3-оқушы**

Жемқорлық латынша сатып алу. Мемлекеттік басқару құрылымындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерінің жеке бастарының пайдасы мен мүдесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері.

#### **4-оқушы**

Жамандыққа тосқауылды қояйық, Пара алғанның жолы жабыққой анық, «Қазақстан-2050»-айқын жол, Күресейік, жемқорлықты жояйық.

#### **5-оқушы**

Әр ата-ана өнеге берсін балаға,  
Тәрбиесіз шоқ жұлдыздың жанама,  
Адалдыққа, даналыққа үйретсең,  
Жолдаң таймас ар болған соң санада.

#### **6-оқушы**

Пара алғандар темір тордан әрі асар,  
Алса да оны мойындамай санасар,  
Беделі кетіп, қайыры қашып ортадан,  
Мәнді өмірі енді қайтіп жарасар.

#### **7-оқушы**



Қазақ елі байтақ болсын десеңіз,  
Жемқорлықтың жолын бірге кесеміз,  
Сонда ғана жер гүлденер, ел байып,  
Сонда ғана шарықтаймыз, өсеміз.




#### **8-оқушы**

Егеменді өсер елде тұрам Мен,  
Білдіремін сезімді жыр-әнмен.









№63 жалпы білім беретін орта мектеп – лицейі

**Тақырыбы:**

***«Жемқорлықпен күресу – басты  
міндетіміз»***

**Класы: 9 «А»**

**Сынып жетекші: Бакытжанова А.Е.**

***2019-2020 оқу жылы***



*Қызылорда*  
**Тақырыбы:** «Жемқорлықпен күресу - басты міндетіміз»

**Мақсаты:**

1. Оқушыларға адам құқықтары жайлы түсініктерін қалыптастыру;
2. «Жемқорлық» деген не екенін түсіндіру;
3. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту; дүниетанымдарын кенейту;
4. Патриоттық тәрбие қалыптастыру;

**Тәрбие сағатының барысы:**

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Дөңгелек үстел.
3. Жағдаяттық сұрақтарға жауап.
4. «Менің көзқарасым» әр топтан бір оқушы шығып, сыбайлас жемқорлық жайында өз ойларын айтады.

**Мұғалім:**

Құрметті оқушылар, ұстаздар! Бүгінгі біздің ашық тәрбие сағатымызға хош келдіңіздер! Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық қоғамымызды қатты аландатып отырған келенсіз көріністердің бірі екені еш жасырын емес. Бұл қылмыс түрімен қоғам болып күресу мақсатында көп іс - шаралар қолға алынуда. Құқық қорғау органдары мен сот жүйесі де осы бағыттағы заңнамаларды жетілдіріп қана қоймай, жемқорлықтың алдын алуға баса назар аударуда. Сол себепті болашақ жеткіншектер өздері екені ескерте отырып, осындай жағдайларды болдырмау мақсатында тәрбие сағатымыздың тақырыбын «Жемқорлықпен күресу - басты міндетіміз» деп алып отырмыз.

**1 - топ.**

Сыбайлас жемқорлық өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі болып табылады. Ол экономикалық заңдардың еркін әрекетін біршама деңгейде шектейді және еліміздің әлемдік қоғамдастық алдындағы беделін төмендетеді, еліміз үшін пайдалы шетелдік инвестициялардың жолындағы басты кедергілердің бірі болып табылады. Әсіресе, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік билік органдарында қауіпті. Бұл жағдайда ол мемлекеттік қызметшілердің шешім қабылдауда беделін түсіретін өкілеттілігінің және қатан құқықтық есеп берудің, шенеуніктерді қадағалаудың жоқтығынан биліктің монополияға айналуына әкеліп соқтырады. Ол еліміздің, қоғамымыздың және жекелеген азаматтардың мүдделеріне көп зиян келтіреді. Сондықтан Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі» деп көрсетті.

**2 - топ.**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңға сәйкес мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай - ақ, соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы «сыбайлас жемқорлық» деп ұғынылады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңы ең пәрменді заңдардың бірі болып табылады. Бұл заң осы бірнеше жыл ішінде жоғары маңызға ие болып, мемлекеттік қызметшінің күнделікті пайдаланатын оқу құралына айналып отыр. Заңның ең басты құндылығы, ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіптен сақтауға, сондай - ақ жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, тыю және ашу жолында мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

**3 - топ.** Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өз құзыреттері шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтау, алдын - алу және оны жасаған кінәлі тұлғаларды

жауапкершілікке тарту прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, салық, кеден және шекаралық қызмет, қаржы және әскери полициясы органдарымен жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы ауызша хабарламалар мен жазбаша арыздар қылмыстың жасалу орны мен уақытына қарамастан құқық қорғау органдарында тәулік бойы қабылданады.

Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске өзге де түрде жәрдемдесетін адам мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен көтермеленеді.

### **Сыбайлас жемқорлық бейнеролик**

#### **Ситуациялық жағдай**

1 топтың тапсырмасы: Компьютер ойнауға ақша таба алмай отырған Ерлан мен Марат біраз ақылдасады. Ерланның есіне асханада ақша майдалатқан Қайрат түседі. Сол Қайратты қорқытып, ақшасын тартып алу керектігін Маратқа айтады. Сол мезетте келе жатқан Қайратты Марат алдап шақырады. Ойында арам ойы жоқ Қайратты Ерлан келіп бас салып, ақша тауып беруін талап етеді. Алғашқыда ойын екен деп ойлаған ол ақшасының жоқ екендігін айтса да, соңынан бұл істің қалжың емес екендігін ұғып, қалтасындағы бар ақшасын бере салады. Аман - есен құтылғанына қуанған ол анасына айтатындығын ескертеді. Ерлан мен Марат егер бұл істі біреуге айтсаң, онда жақсылық болмайтындығын Қайратқа жақсылап ұғындырады.

Сұрақтар: 1. Осы көріністе баланың қандай құқығы шектелген?

2. Ерлан мен Марат қандай қылмыс жасады?

3. Ерлан мен Мараттың қылмыс жасауына не себеп болды?

2 - топтың тапсырмасы: Нұрлан 5 - сыныпта оқиды. Нұрланның білім алуға деген талабы жақсы. Оқыса жақсы оқитын оқушылар қатарынан орын аларлық қабілеті бар. Бірақ ата - анасының тәрбиесі баланы жолдан тайдырады. Нұрланның ата - анасы бала тәрбиесіне жауапсыз қарайды. Баланы сабақтан себепсіз жиі қалдырады, кейде тіпті апталап келмей қалатын кездері де болады. Мектепте, сыныпта ата - аналарға байланысты өтетін жиындарға да келмейді. Сынып жетекшісі осы жағдайға байланысты Нұрланның үйіне барып, ата - анасымен бірнеше рет әңгіме жүргізгенімен еш нәтиже шықпайды. Ата - анасы құрғақ уәде беріп құр шығарып салады. Бірер күн өткен соң жаңағы оқиға қайта қайталаанады. Білім алу баланың басты міндеті екенін біле тұра оны орындауда әке - шешесі салғырттық танытады.

Сұрақтар: 1. Нұрланның ата - анасының қылығын қалай бағалайсыздар?

2. Сынып жетекшісінің орнында болсаңыз не істер едіңіз?

3. Ата - ананың бала алдындағы міндеттері қандай?

3 - топтың тапсырмасы. 4 - сыныпты сәтті аяқтаған Жалғас жазда жақсы демалып, тынығып, қыркүйекте мектепке келді. Биыл орта буын, яғни 5 - сыныпқа келген соң, өзін - өзі бір есейіп қалғандай сезінді. Әрбір істеген жұмысына өзінше бір есеп беріп отыратын болды. Жалғастың қыркүйек айындағы тынымсыз еңбекке толы күндері өтіп жатты. Ол енді мектептегі бір үйірмеге қатысып, бойындағы ерекше бір қабілетін шыңдауды мақсат санады. Сөйтіп, мектептегі «Тұмар» пікір - сайыс клубына жазылмақшы болып бір шешімге келді. Осы ойын ата - анасына жеткізді. Ата - анасы Жалғастың ойына қарсы болады. Оны анасы ағылшын тілінен өтетін үйірмеге өзі жазғызып қойғанын, қазіргі заманға ағылшын тілі мамандарының өте қажет екендігін, заман ағымына сай өмір сүру керектігін баса айтты. Ал, Жалғастың бар ойлағаны, өзінше бір жасаған шешімі құмға сіңген судай жоқ болды да кетті. Үнемі ата - анасының айтқанын дұрыс санап, соны басты назарға алатын Жалғас тағы да ата - анасымен келісуге мәжбүр болды.

Сұрақтар: 1. Жалғастың ата - анасының іс - әрекетін қалай бағалайсыз?

2. Осы жерде баланың қандай құқығы шектеліп тұр?

3. Жалғастың ата - анасының шешімімен келісуі дұрыс па?

жауапкершілікке тарту прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, салық, кеден және шекаралық қызмет, қаржы және әскери полициясы органдарымен жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы ауызша хабарламалар мен жазбаша арыздар қылмыстың жасалу орны мен уақытына қарамастан құқық қорғау органдарында тәулік бойы қабылданады.

Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске өзге де түрде жәрдемдесетін адам мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен көтермеленеді.

### **Сыбайлас жемқорлық бейнеролік**

#### **Ситуациялық жағдай**

1 топтың тапсырмасы: Компьютер ойнауға ақша таба алмай отырған Ерлан мен Марат біраз ақылдасады. Ерланның есіне асханада ақша майдалатқан Қайрат түседі. Сол Қайратты қорқытып, ақшасын тартып алу керектігін Маратқа айтады. Сол мезетте келе жатқан Қайратты Марат алдап шақырады. Ойында арам ойы жоқ Қайратты Ерлан келіп бас салып, ақша тауып беруін талап етеді. Алғашқыда ойын екен деп ойлаған ол ақшасының жоқ екендігін айтса да, соңынан бұл істің қалжың емес екендігін ұғып, қалтасындағы бар ақшасын бере салады. Аман - есен құтылғанына қуанған ол анасына айтатындығын ескертеді. Ерлан мен Марат егер бұл істі біреуге айтсаң, онда жақсылық болмайтындығын Қайратқа жақсылап ұғындырады.

Сұрақтар: 1. Осы көріністе баланың қандай құқығы шектелген?

2. Ерлан мен Марат қандай қылмыс жасады?

3. Ерлан мен Мараттың қылмыс жасауына не себеп болды?

2 - топтың тапсырмасы: Нұрлан 5 - сыныпта оқиды. Нұрланның білім алуға деген талабы жақсы. Оқыса жақсы оқитын оқушылар қатарынан орын аларлық қабілеті бар. Бірақ ата - анасының тәрбиесі баланы жолдан тайдырады. Нұрланның ата - анасы бала тәрбиесіне жауапсыз қарайды. Баланы сабақтан себепсіз жиі қалдырады, кейде тіпті апталап келмей қалатын кездері де болады. Мектепте, сыныпта ата - аналарға байланысты өтетін жиындарға да келмейді. Сынып жетекшісі осы жағдайға байланысты Нұрланның үйіне барып, ата - анасымен бірнеше рет әңгіме жүргізгенімен еш нәтиже шықпайды. Ата - анасы құрғақ уәде беріп құр шығарып салады. Бірер күн өткен соң жаңағы оқиға қайта қайталанады. Білім алу баланың басты міндеті екенін біле тұра оны орындауда әке - шешесі салғырттық танытады.

Сұрақтар: 1. Нұрланның ата - анасының қылығын қалай бағалайсыздар?

2. Сынып жетекшісінің орнында болсаңыз не істер едіңіз?

3. Ата - ананың бала алдындағы міндеттері қандай?

3 - топтың тапсырмасы. 4 - сыныпты сәтті аяқтаған Жалғас жазда жақсы демалып, тынығып, қыркүйекте мектепке келді. Биыл орта буын, яғни 5 - сыныпқа келген соң, өзін - өзі бір есейіп қалғандай сезінді. Әрбір істеген жұмысына өзінше бір есеп беріп отыратын болды. Жалғастың қыркүйек айындағы тынымсыз еңбекке толы күндері өтіп жатты. Ол енді мектептегі бір үйірмеге қатысып, бойындағы ерекше бір қабілетін шындауды мақсат санады. Сөйтіп, мектептегі «Тұмар» пікір - сайыс клубына жазылмақшы болып бір шешімге келді. Осы ойын ата - анасына жеткізді. Ата - анасы Жалғастың ойына қарсы болады. Оны анасы ағылшын тілінен өтетін үйірмеге өзі жазғызып қойғанын, қазіргі заманға ағылшын тілі мамандарының өте қажет екендігін, заман ағымына сай өмір сүру керектігін баса айтты. Ал, Жалғастың бар ойлағаны, өзінше бір жасаған шешімі құмға сіңген судай жоқ болды да кетті. Үнемі ата - анасының айтқанын дұрыс санап, соны басты назарға алатын Жалғас тағы да ата - анасымен келісуге мәжбүр болды.

Сұрақтар: 1. Жалғастың ата - анасының іс - әрекетін қалай бағалайсыз?

2. Осы жерде баланың қандай құқығы шектеліп тұр?

3. Жалғастың ата - анасының шешімімен келісуі дұрыс па?

Слайдпен жемқорлыққа байланысты мысалдар келтіру:

1. Мұғалімге мерекелерде гүл шоқтарын сыйлау жемқорлыққа жатады ма?
2. Емделіп болған науқас дәрігерге өзінің алғысын белгілі - бір сыйлықты (гүл, сағат, портрет.....) сыйласа жемқорлыққа жатады ма?
3. Жоғарғы оқу орындарында білім алушылар, емтихан уақытында оқытушыларына үстел жасағаны, жемқорлыққа жатады ма?

Ортақ сұрақ

Түнгі мезгілде сағат (22. 00 ) кейін көшеде жүрген мектеп оқушысын жасөспірімдер инспекторлары ұстап алса, оған қандай заңдар қолданады? Ата - аналарға қандай көлемде айып пұл салуға болады? Оған сынып жетекші жауап беруге тиісті ме?

Мұғалім:

ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың "Нұр Отан" ХДП - ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес форумында сөйлеген сөзі. (таспаға жазылған)

- Құрметті форумға қатысушылар!
  - Бүгінгі басқосуымыз қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы пәрменді күрес шараларына арналып отыр. Осы мәселе жөнінде нақты әңгіменің уақыты жетті деп санаймын.
  - Жемқорлық мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Оның тамырына түбегейлі балта шаппайынша, мемлекетте тұрақты өсу - өркендеу болмайды.
  - Біз экономикамызды барынша дамытып, саяси жүйемізді жетілдіріп жатырмыз. Білімді, мәдениетті әрі бәсекелестікке қабілетті ұлт қалыптастыру жолында алдымызға стратегиялық мақсат қойып отырмыз.
  - Алайда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтпей, одан нақты бір нәтиже шығармай, алға қойған мақсатқа толық жете алмаймыз.
  - Жемқорлықпен күрес нақандық шара емес. Ол тек құзырлы мекемелердің ғана міндетіне жатпайды. Онымен бүкіл халық болып күресуіміз керек.
  - Бүгін мен сіздермен осы мәселе төңірегінде, қордаланған проблемалар мен оларды шешудің заңнамалық және нақты іс - шаралары жөнінде ашық сөйлесуді жөн көріп отырмын.
  - Бүгінгі басқосудың қаншалықты маңызды екенін баршаңыз де сезініп отырған боларсыздар.
  - Сыбайлас жемқорлықтың белең алуы біздің ғана емес, бүкіл әлемнің бас ауруына айналғанын жаңа айттым.
  - Бүгінде жаһандық сипат алған бұл індет тұтастай мемлекеттердің экономикасын күйретіп жіберу қаупін туғызып отыр.
  - Олай болса, жемқорлықпен күрес қатаң жүргізілуі қажет. Ешкімнің лауазымына, шен - шекпеніне қараудың қажеті жоқ. Қылмыс жасаған адам қандай жағдайда да жауапқа тартылуы тиіс.
  - Қоғам бізден нақты іс - әрекетті күтіп отыр. Баршамыздың ел алдындағы қызметіміз де, беделіміз де бірлесіп істеген жұмыстың нәтижесіне байланысты.
  - Тағы да қайталап айтамын, бұл істе "Нұр - Отан" партиясына жүктелер міндет үлкен. Партияның орталық, жергілікті жердегі басшылығы, мүшелері халықты жұмылдыра отырып, жемқорлықтың алдын алу мен жою шараларын белсенді жүргізуі керек.
  - Қазақта "Ауруын жасырған өледі" дейтін мәтел бар. Жемқорлыққа қарсы күрес жан - жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз.
  - Назар аударып, тындағандарыңыз үшін рахмет.
- «Жүрек жылуы» тілек арнау. (әр топ бір - біріне тілек айтады).

№ 63 жалпы білім беретін орта мектеп-лицейі

«Адалдық жүрген жерде- адамдық жүреді» пікірлесу сағаты

06.11.2019жс



10 «А»класс жетекшісі:

Сауытбаева Жамал Калыбаевна

## «Адалдық жүрген жерде- адамдық жүреді» пікірлесу сағаты

**Мақсаты:** Оқушыларға өмірде ата-анаға, досқа адал бола білуге баули отырып, әр адамның адал ісі мен адамдығы көрінетінін білуге тәрбиелеу.

### **Барысы:**

Адамның ниеті, ойы, іс-әрекеті шындыққа негізделгенде адам өзіне де, өзгеге де адал болады. Адал болу кез-келген адамның өз қолында. Ол біздің ішкі жан-дүниемізден бастау алады. Адамның көңілі таза, пейілі кең, адал, шыншыл болғанда әділдікке қол жеткізеді.

Адалдық өмірінде керек нәрсе,

Ол да гүлдеп, нұрланар көңіл бөлсе.

Халыққа өз пайдасын тигізе алмай,

Адам боп, өзін-өзі меңгермесе,-

демекші әр адам дүние есігін ашып шыр етіп өмірге келген күннен бастап жүрек қалауымен, ата-

анасының берген тәрбиесімен, жақсылық жамандықты көре жүріп өмір сүре бастайды. «Дүниеде әділдік пен

адалдықты ту еткен адамнан артық ешкім жоқ» дегендей бүгінгі «Адалдық жүрген жерде-адамдық жүреді» атты пікірталасу сағатына қош келдіңіздер.

Келген қонақтар, оқушылар бүгінгі кеште адалдық, адамдық жайында ойымызды ішімізге бүкпей ортаға сала отырайық. Бүгінгі пікірталасу сағатымыз үш бөлімнен тұрады.

**I-бөлім- сұрақтарға өз ойын білдіру.**

**II-бөлім- адалдық, адамдық туралы мақал-мәтелдерге түсінік беру.**

**III-бөлім- ситуациялық сұрақтарға өз ойын білдіру.**

**I-бөлім.**

1. Жалпы адалдық дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Адал дос дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Адал болу кез-келген адамның қолынан келмейді? Неліктен?
4. Ата-анаға, бауырға, ортаға жалпы өмірде адал болу дегенді қалай түсінесіңдер?
5. Сен өзінді адал жанмын деп айта аласың ба?

**II-бөлім.**

Мақал-мәтел-халық даналығының бір түрі. Олардың тақырыптары да әр алуан. Мақал-мәтелдің мағына -

мәні де терең, аз сөзбен көп мағынаны, үлкен ойды жеткізеді. Ендеше бүгінгі адалдық тақырыбындағы мақал-

мәтелдерді айта отырып, мағынасын түсіндіріп өз ойымызды білдірсек. Бүгінгі тақырыбымыз «Адалдық жүрген жерде-

адамдық жүреді» дегенді қалай түсінесіңдер? Оқушылар өз түсініктерін, өз ойларын айтты. Осы тақырыпта тағы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?